

І ТУЫ

НІҢ, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
САЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ноябрь Сенбі

жеке саны 20 тыйын.
Шығуына 33 жыл

Ауыл шаруашылығының еңбекшілері! Ауыл шаруашылығындағы басты міндетті орындау—барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малды онан әрі көбейту, мұнымен бірге оның өнімділігін едәуір арттыру үшін қажырлылықпен күресіңдер! Халқымыз үшін азық-түлік, өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасайық!

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрьдің 35 жылдығына арнаған Ұрандарынан).

ІҚТЫЛЫ

Партияның ұрандары облыс еңбекшілерін жаңа табыстарға жетуге жігерлендіреді

Еселеген қарқынмен

Бұл күндері «Борьба за коммунизм» колхозының (Совет ауданы) мүшелері қуанышты күндерді басынан өткізуде. Олар Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарын зор сүйіспеншілікпен қарсы алып, колхоз өндірісінде бұрынғыдан да гөрі қажырлы еңбек етуде.

Колхозшылар СОКП Орталық Комитетінің Ұрандарына бейбіт еңбек майданында зор табысқа жетумен жауап беру үшін өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алып, оларды мінсіз жүзеге асыруда.

Мұндай көтеріңкі міндеттеме алғандардың бірі —Ж. Есмағанбетов жолдас. Ол кәзір мал қоралары жанына шөп тасып жүр. Партиямыздың Орталық Комитетінің Ұрандарына қажырлы еңбекпен жауап беру үшін, ол шөп тасуда күндік тапсырманы артығымен орындауға міндеттенген болатын. Озат колхозшы өзінің бұл міндеттемесін аброймен жүзеге асыруда. Ол жұмыс уақытын дұрыс пайдалану нәтижесінде алған міндеттемесіне лайық, емнәлік тапсырманы үнемі артығымен орындап жүр.

СОКП Орталық Комитетінің Ұрандары



А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының цехтарының бірінде. СУРЕТТЕ: үгітші К. Девяткина түскі үзіліс кезінде цехтың жұмысшы әйелдеріне Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарын оқып отыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Партия бізді жаңа табыстарға бастауда

Кеше, үгітші-комсомолец Чайко жолдас мал фермасына күндегісінен ерте келді.

—Сіздің ерте келісіңізге қарағанда, бір қуанышты хабар бар сияқты, әңгіменізді бастаңыз, —деді фермадағы мал өсірушілер.

—Жақсы, әңгімені бастайын, —деді үгітші. —Мен өткен түні радио арқылы Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь революциясының 35 жылдығына арнаған Ұрандарын тыңдадым. Кәзіргі әңгіме, міне, осы туралы.

Партиямыздың Орталық Комитетінің Ұрандары совет халқының және бейбітшілік, демократия, социализм үшін күресуші барлық бостандық сүйгіш халықтардың өткен жылғы қол жеткен ұлы жеңістерін көрсетеді, коммунизм орнату ісінде жаңа міндеттерді алға қояды. Партиямыздың Орталық Комитеті бізді, колхозшылар мен колхозшы әйелдерді қоғамдық шаруашылықты онан әрі нығайтып, барлық жағынан өркендете беру күресіне, еңбек тәртібін қатаң сақтауға, колхоз өмірінің негізгі заңы— ауылшаруашылық әрекетінің Уставын қасиетпен сақтауға

лық шаруашылығын жаңадан мықтап өркендету, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдениетін арттыру үшін, совет мемлекетінің қуатын онан әрі нығайту үшін күресуге шақырады. Бұл күресте де бүкіл еліміздегі сыяқты облыс еңбекшілерінің жаңа көрнекті табыстарға жететіні сөзсіз.

СОБН Орталық Комитетінің Ұрандары

Паровозшылардың жарысы

МАТАЙ. (Талдықорған облысы). (ҚазТАГ). Турксібтің Матай бөлімшесіндегі кәсіпорындардың барлық цехтарында Мисиф Виссаронович Сталиннің партияның XIX съезінде сөйлеген сөзі оқылуда. Бұл тарихи документ теміржолшылар арасында жаңа еңбек өрлеуін туғызды. Машинистер, жөндеушілер, жолшылар көтеріңкі социалистік міндеттемелер алуға.

Паровоз депосында үгітшінің әңгімесі кезінде партияның XIX съезі атындағы локомотивтер колоннасының жетекшісі Медведь жолдас сөйледі.

—Сүйікті Сталиннің сөздері, — деді ол, —бізді жемісті еңбек етуге бастайды. Біз Ұлы Октябрің 35 жылдығы құрметіне паровоздардың жүрісін шапшаңдатып, поездардың салмағын арттыру жолындағы комплексті жарысты барынша өрістетуді ұйғардық. Ай сайын әрбір паровоздың 20 миллион тоннакилометр жол жүруін қамтамасыз етуге міндеттемеміз. Бұл бөлімшенің 20-ға жуық локомотивті жұмыстан босатуына мүмкіндік береді.

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Кеше Қандыағаш депосының машинисі Иван Комаровтың бригадасы кезекті сапардан қайтып келді.

Үгітшілердің әңгімесі

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). «Большевичка» тігін фабрикасының коллективі партияның XIX съезінің материалдарын қызу түрде талқылауда. Съезд қарарларымен және И. В. Сталин жолдасының тарихи сөзімен жігерленген жұмысшы әйелдер жаңа көтеріңкі міндеттемелер алуға. Үгітшінің әңгімесінен кейін мастер Зотова жолдас былай деді:

—Біздің фабриканың коллективі пар-

меңгер көсеміміз Сталин жолдасқа шын жүректен алғыс айтады.

Барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы — Совет Одағының Коммунистік партиясы, Лениннің — Сталиннің ұлы партиясы жасасын!

Лениннің туы астында, Сталиннің басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

Жұмыс жөніндегі оның жолдастары машинисті, оның көмекшісі Иван Барковты және көчегар Свирид Гузды жаңа еңбек табыстарымен құттықтады. Орынбор жолындағы Никельтау-Қандыағаш участогінде бригада салмағы нормадан мың тоннадан асатын поездды жүргізді. Поезд дәлме-дәл график бойынша келді. Бұл — Комаровтың ай басынан бері жүргізген алтыншы ауыр салмақты поезы.

Бәзір Қандыағаш депосындағы әрбір өкілші машинист — ауыр салмақты поезд жүргізеді. Ай басынан бері паровозшылар 95 ауыр салмақты поезд жүргізді. Салмақ нормасынан тыс мыңдаған тонна халық-шаруашылық жүгі тасылды. Техникалық шапшаңдық орта есеппен бір жарым километр асыра орындалды. Жүз тоннаға жуық тас көмір үнемделді.

Николай Алехин аға машинист болып істейтін комсомолдар паровозының бригадасы жаңа табысқа ие болды. Олар нормадан тыс 4.700 тонна әртүрлі жүк тасиды. Машинистер Городецкийдің, Старченконың, Чепурицкийдің, Архипкиннің бригадалары бірнешеуден ауыр салмақты поезд жүргізді.

тияның XIX съезінің құрметіне стахановтық вахтаға тұрып, он айлық жоспарды ойдағыдай орындады. 200-ден аса жұмысшы әйел алған міндеттемелерін асыра орындады.

Бәзір 1.200-ден аса үгітші қала кәсіпорындарының еңбекшілерін партияның XIX съезінің қарарларымен таныстыруда, әңгімелер өткізуде, съезд материалдарын оқуда.

Мереке қарсаңындағы күндерде депонның паровозшылары ауыр жүк тиелген локомотивтердің орта тәуліктік жүріс жылдамдығын арттырып, отын үнемдеу үшін стахановтық вахтаға тұрды.

Депонның таңдаулы машинашысы Д. Шандыбин жолдас паровоздың техникалық жылдамдығын арттыра отырып, орта тәуліктік жүріс жылдамдығының жоспарын әлде қайда асыра орындауда.

Р. БЫЫРАЕВА.

Микоян атындағы комбинат стахановтық вахтада

А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының коллективі 1952 жылы жұмысты қайта құру жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Тонназытқыш камераларды ет тоназытатын заттармен толық қамтамасыз ету үшін компрессор цехы толығынан қайта жабдықталды. Қаңлытырды мүмкін қадарынша ұқыпты жұмсап, оны үнемдеу мақсатымен № 14 үлкен банкетерді әзірлеу жұмысы жартылай автоматтық линияға көшірілді.

Консерві заводының коллективі өнімді көптеп шығару әдісін толық меңгеріп, консервтерді қайнатып пісіру үшін стерилизациялық цехқа 2 автоматтық қазан орнатылды. Барлық цехтарды бумен қамтамасыз ету үшін жаңадан бесінші қазан орнатылып, берілетін өнімнің мөлшерін бұрынғыдан да көбейте түсудің жағдайы жасалды. Бұл сыяқты жабдықтау жұмыстары басқа цехтарда да жүргізілді.

Бірақ, комбинаттың бұрынғыдан да жақсы механикаландырылуына қарамастан кәсіпорының коллективі 1952 жылдың 8 айының ішінде қаладағы кәсіпорындарының ішінде ең артта қалған кәсіпорны болып есептелініп, жалпы өнім шығару жөніндегі жоспарды орындауда Отан адында үлкен борышты болып қалды.

Июль айының өндірістік программасын комбинат коллективі небары 77,3 процент, ал, август айының жоспарын 99,5 процент қана орындады. Сөйтіп, комбинат өнім шығару жөніндегі мемлекеттік жос-

мен жігерленген бригада мүшелері күндік норманы үнемі артығымен орындап отырды. В. Галкин, И. Зайцев сыяқты ағаш шеберлері бұл күндерде бір сменада екі норма орындауға жетісті.

Бригаданың табысты еңбек етуі нәтижесінде мал қораларын жөндеу, салу жұмыстары қысқа мерзімде ойдағыдай аяқталды. Бригада сауын сыйырлар тұратын екі қора және 250-ге жуық бұзау сыятып

Біз жемпеші тасып алып кутуді қыстатуды о партияның X көрсетілген м шығамыз.

Полудень атындағы

парды орындай алмай, үлкен олжылыққа ұшырады.

Цехтардың жұмысшылары кәсіпорнының үнемі артта қалып қояына мұнан әрі төзгісі келмей комбинаттың шаруашылық, партия және кәсіподақ ұйымдарының басшыларынан айлық жоспарды орындап қана қоймай, қалған уақытта қолда бар мүмкіншіліктерді сарқа пайдаланып, жылдық жоспарды орындауды қамтамасыз етуді талап етті.

Ет-консерві комбинатының басшыларының жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер тарапынан болған ұсыныстар мен дабылдарға немқұрайды қарауға правосы жоқ. Сондықтан комбинат сыяқты ірі кәсіпорнының ұзақ уақыт өндірістік жоспарды орындамай артта қалып қояу себептерін ашуға, жұмыста баспан кемшіліктерді қайталамай, жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың нақтылы шаралары қарастырылды.

Комбинат басшылары жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлермен бірлесіп отырып, әрбір цех бойынша жоспарды орындау үшін барлық мүмкіншіліктерді есепке алды, жұмысшы күшін орналастыру мәселесін қайта қарады. Партия және кәсіподақ ұйымдары цехтардағы жұмысшылар арасында Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезі жөнінде әңгімелер өткізіп, үгіт-көпшілік жұмысын жандандырып социалистік жарыста алған міндеттемелердің орындалуына қатаң бақылау ұйымдастырды.

Біздің комбинат инженер-техник дін барлық е Сталин парти пен қарсы а

міндеттемелер тыруымен

көзін тауып, лективтің есі

не нақты ба

ның барлығы орындау бар

сентябрь айы

102,7 процен

ие болды. І

өндіру жоспа

серві заводын

сырманы 10

Сентябрь а

мен өндіріс

бинат коллек

орындайтын

бар екендігін

съезінің дире

Сталин жолд

мәжілісінде с

тивті қажыр

жұмылдырды

ры Ұлы Октя

ның 35 жыл

тық вахтаға

женерлер ал

мен орындау

лективі 24 о

жоспарын ор

лар айдың а

дан тыс 800

міндеттеме а

Ет турау

на Каралина

луын

ты председа-
теді. Нұр-
лысымен-ақ
лерімен са-
зды дұрыс
шаруашы-
ғын дайын-
п та орын-
» колхозы-
да да осын-

жақты өр-
мамандары-
даған агро-
мал дәрі-
жұмысқа
стокте ұзақ
масыз ету

« Мәселен,
де 5 жыл
колхоздар-
біліп, ауыс

асырылуын
РС-нің кол-
аруашылық
теледі. Учас-
ник Антя-
стар да бір
істеулерінің
астарға не
р жерлерде
ның жиі

Бұл дұрыс
мен партия
мамандары-
ұмыс істеуі

де де осы-
теген трак-
ры быйыл
ты. Тәз-



Петропавл қаласының көшелеріне тас төселіп, ағаштар егіліп, қаланың бейнесі жылдан-жылға көркейіп келеді. Қалада жыл сайын көптеген жаңа тұрғын үйлер салынууда.

СУРЕТТЕ: Сталин атындағы көшеде салынған жаңа үйдің көрінісі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Қысқы спорт маусымын ұйымшылдықпен қарсы алайық

Өткен қысқы спорт маусымында қала физкультура ұйымдары шаңғы, хоккей және коньки тебу спортын жаппай өрістетуде бірқатар табыстарға ие болды. Өткізілген қысқы спорт жарыстары шаңғышыларымыздың, хоккейшілеріміз бен конькишілеріміздің спорт шеберлігін арттыруға және жаңа жас спортшылардың өсіп жетілуіне көп әсер етті.

Әресе «Пищевик» ерікті спорт қоғамының хоккейшілері қазақ ССР бойынша бірінші орынға ие болу үшін өткізілген жарыста тамаша табысқа ие болды. Олар Бүкілодақтық біркелкі классификациядағы бірінші разрядтың таланттарын орындап, бірінші орынды жеңіп алды. Сол сияқты, шаңғышыларымыз шаңғымен жүруде асқан шеберлік көрсетіп, республикада екінші орынға, конькишілеріміз

ры шаңғы, хоккей және коньки спортын одан әрі өрістетудің нақтылы шараларын кәзірден бастап қарастырулары керек. Қаладағы жекелеген ерікті спорт қоғамдары мен спорт коллективтерінің басшылары осылай істеп те отыр. Мәселен, «Динамо» стадионының дирекциясы катокты ашуға дайындалуда.

«Локомотив» ерікті спорт қсғамының басшылары, ет комбинаты мен «Молот» спорт клубының физкультурашылары қысқы спортқа жаттығу жұмыстарын жүргізуде.

Алайда, қаланы тұтас алғанда қысқы спорт маусымына әзірліктің барысы мұнда қанағаттанғысыз болып отыр. Шағын двигателдер зауыдының, «Энергия», «Молния», «Труд», «Красное знамя» ерікті спорт қоғамдары қысқа әзірлік жөнінен

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 30 октябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі 30 октябрь күні былай деп хабарлады:

Өткен күні Корея Халық армиясы және қытай халық еріктілерінің бөлімдері Орталық майданның жекелеген учасоктерінде

жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізуде болды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқыштар бейбіт елді аудандарға шабуыл жасауға қатысқан душпанның 4 самолетін атып түсіріп 6 самолетін зияндады.

Американ халқы Кореядағы интервенцияны тоқтатуды талап етуде

НЬЮ-ЙОРК, 30 октябрь. (СОТА). Алда болатын президент сайлауына байланысты американ баспасөзі сайлаушылардың, оның ішінде газет оқушылардың пікірлері туралы әртүрлі хабарларды жариялауда. Бұл хаттар қатардағы американ сайлаушылары президенттікке ұсынылған кандидаттардың бейбітшілік мәселесіне, еналдымен, Кореядағы соғыстың аяқталуы туралы мәселеге көзқарасына үлкен мән беретіндігін сыпаттайды.

Осы материалдардан көрініп отырғанын дай, американ сайлаушыларының басым көпшілігі Кореядағы соғысты тез аяқтауға және барлық американ әскерлерінің АҚШ-қа қайтарылуын талап етуде.

«Юнайтед Стейтс ньют энд Уорлд рипорт» журналы 24 октябрьдегі өзінің редакциялық мақаласында: «Кореядағы соғыс—бұл нағыз соғыстың өзі... Армияға көптеген жастар шақырылып, миллиондаған жастар армияға шақырылу қаупіне ұшырап отыр. Соғыс салықты бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеге жеткізді. Қазіргі уақыттағыдай халықтың тұрмысы бұрын ешуақытта да нашарлап көрген емес. Соғыстың аяқталар күні көрінбейді, оның жеңілдеуіне де ешқандай үміт жоқ. Бұл соғысты халықтың түсінуі қиын...» деп жазады.

Дунсвиллде шығатын «Курьер Джорнал» газеті «Кореядағы соғысты тоқтату үшін дауыс берейік» деген заголовкамен газет оқушыларға арналған хат жария-

қандай мәселені негізгі мәселе деп есептейді? —деп сұрақ қойған.

Газетте жарияланған жауаптарға қарағанда, Кореядағы соғыстың әйелдердің көпшілігінің тынышын кетіріп отырғандығы көрінеді.

22 октябрьде «Чикаго трибюн» газетінде жарияланған хатта осы газеттің оқушысы Смит президентікке ұсынылған кандидат Стивенсонды өзінің сайлау алдындағы программасында Кореядағы соғысты аяқтау туралы мәселе жөнінде жұмған аузын ашпай өте шығатындығы үшін қатты сынаған. Сол сияқты, Смит бүкіл дүние жүзінде американ қожалығын орнатуға бағытталған американ билеуші топтарының саясатын да әшкерелеген.

Детройтта шығатын «Фри пресс» газеті «тәуелсіз сайлаушылардан» яғни өздерін республикашылар деп те, демократтар деп те есептемейтінін сайлаушылардан арнаулы сұрау жұмысын жүргізген. Барлық сұралған адамдардың 78 проценті, олардың өздерінің түсінуінше, сайлау науқанының ең негізгі мәселесі Кореядағы соғысты аяқтау мәселесі екендігін айтқан.

Сол сияқты, бұл сұрақ әйелдер мен жастардың Кореядағы соғысқа үрейленіп қарайтындығын көрсетті. Барлық сұралған әйелдердің 79 проценті және жастардың 83 проценті Кореядағы соғысты тоқтату—сайлау науқанының ең басты мәселесі болуға тиіс деп мәлімдеген.

«Ньюсвир» журналының да бұл

ОЗАТ ЖЫЛҚЫШЫНЫҢ БАЙ ТӘЖРИБЕСІ

—Сіздер қайда бармақшысыздар, қол-қоз орталығына ма, әлде мал жатқан қайылымға ма, —деді бізге жол үстінде кездескен жылқышы Қанапін Игібай жол ас.

—Жайылымға, —дедік.

—Жақсы, бірге баратын болдық ғой, —еді ол.

—Күн де батып бара жатыр еді. Күздің қоңыр салқын, самал желі денені оңазыта бастады. Атты айдаңқырап жерге жортып келеміз. Игібайдың жол бойы әңгімесінің дені өзінің негізгі жұмысы —жылқыны бағу жайында болды. Мал жылқы малын мақтай сөйледі.

—Шіркін, жылқыны айтсаңшы, —деді біз, —мінсең —көлік, қымызын ішсең —тасын. Оның беріктігі емес пе, қарда жаппап жусайды, қандай суықтарда желге қарсы жайылады. Жақсы айғырлар өз ірінен қасқырға бір тұяқ бермейді, қарсы шабады, қуады.

Қайрат, тұлға талғамайды. Игібайша денелі адам емес. Оның ат үстінде тайындығын, шыйрақ қыймылын көрінде жылқышы деген абройлы атағына арасып тұрғанын байқайсың.

Сөзден істі сүйетін, өз еңбегі қаншама жары болса да оны мақтан етуді, өзінің көтермелеуді сүйейтін совет адамының ізгі қасиеті бұл адамнан да табыла. Демек, ол табысына мастанбайды, біта оны дамыта береді.

—Күзде семірген жылқы, қыстың қаттылығын елемейді, жүдемей шығады. Үгіме бұлардың әдісін тауып жая білуде өріседі ғой, —деп Игібай әңгімесін соза баста.

Әңгімелесе отырып, жылқыға да келіп

қалдық. Жылқы Игібай айтқандай күйлі, кең даланы жайлап жатыр. Тай-құнандар ойнақтап, жас баладай ойнап жүр.

—Шөптің жұғымы жақсы екен, —деді жолдасым.

—Өте жақсы. Мына тұрған дөнен жуырда ғана жегуден босады, —деп анадайда жусап тұрған тоқпақ жалды жи-ренді көрсетті жылқышы. Оның жүні жылт-жылт етеді. Жанына жақындай бергенімізде оқырып қалды да, зытып отырды.

Біз бұдан кейін Игібайдан көп жылғы жылқы бағудағы тәжірибесін айтуын өтіңдік.

—Малдың күйлі болуы, шығынсыз өсуі —ұқыпты болудан, —деп бастады ол сөзін. —Бұл алдында неше мал болса, оның әрқайсысының күту әдісін біл деген сөз. Мысалы, жылқы басқа түлік-гердей емес, қыстың қатты борандарында, нелер аяздарда далада болады. Сондықтан жылқы бағуға неғұрлым ұқыптылық керек.

Жылқыға жазғы тұрым ерекше күтім керек. Ол кез, бие құлындатуға даярлық жұмыстарын үлгілі жүргізіп, оны ойдағыдай өткізуге барлық күш-мүмкіншіліктерді толық пайдалануды керек қылады. Кейбіреулер ішті биелерді бойдақ жылқылардан бөлек бағамыз дейді. Менің тәжірибем бойынша бұл әдіс дұрыс емес сыяқты. Өйткені, жылқы өзінің бауыр басқан үйірінен айрылмайды. Олай болса, қысты күні тебінде жүрген жылқылардың ішті биелерін ен далаға бөліп бағудың өзі кейуақытта зиянды да болады. Себебі, үйірінен айырып баққан аз ғана жылқы елең-

дей береді. Ал, құлындауға жақындаған кезде олардың бошалап кетіп, қолайсыз жағдайларға ұшырауы да мүмкін.

Рас, жылқыны жаздың күні үйірлеп бағу шарт. Бізде жылқының күзді күні бағылатын жерлері «Алқа қызыл», «Түмен» жайылымдары. Онда алдағы жылы құлындауға тиісті биелерді бір бөлек, бойдақтарды бір бөлек іріктейміз де, 7—8 айғырдың үйіріне бөлеміз.

Жаздың, әсресе, май мен июнь айларында жылқыны тыныстату керек. Себебі, бұл айлар биелердің айғырдан шығатын мезгілі. Міне, біз осы кезде басқа айғырдың үйіріндегі жылқыларды екінші айғырдың үйіріне араластырып жібермеу жағына зейін саламыз.

Күзгі салқыннан бастап, қыс түскенге дейін жылқыны «Алқа қызыл» мен «Түменнен», «Қара томарға» қарай беттете-міз. Бұл жерлерден қар бекіп, қыстың нағыз суық айлары жақындаған кезде «Қарлонға» барып кіреміз. Қарлонның іші ықтасын. Бұл жер әсресе жылқының қысқы жайылымы үшін өте қолайлы. Мұнда үлкен-үлкен сайлар бар. Жылқының жақсы көріп, сүйсініп жейтін шөбі бетеге, қыя да осында өседі. Малды сайды өрлетіп боран ашылғанша ықтасын жерге, ал, ашық күндері жылқыларды жазық өріске жаямыз. Өйткені, жазық жердің қарын жел үріп әкетеді де шөптің түбі ашылып қалады, жылқылар оңай тебіндейді. Біздің колхоздың жерінде осындай «Кең тақта» дейтін көлемді жазық бар. Қысты күні пайдаланатын болғандықтан біз жазды күні бұл жерге мал шығармаймыз. Бұл тың жайылым жылқының қыстан күйлі шығуын қамтамасыз етіп келеді.

Қысқы тебіннің шөбі сұйылып, қар жұқарған кезде ферма жылқысы «Қозкөл», «Құмды көл» деген жерге әкелінеді. Бұл жерлерге қар жұқа түседі, әрі

ерте ериді. Сонымен бірге, бұл алқапта шөп бітік өседі. Жылқы суаратын мол сулы көлдері де бар. Осы араға әкелінген жылқы 5—6 күннің өзінде-ақ түгі өзгеріп, тойына бастайды.

Биелерден құлын да осы арада алынады. Біз төл алу аяқталғанша ат үстінен түспейміз. Әрі биені қолдан құлында-тып, құлыны аяқтанып кеткенше соның қасында боламыз. Өйткені, биеден құлын алу кезеңі жылқышыларға өте жауапты міндеттер жүктейді. Ал, біз бұған ерекше көңіл бөліп келеміз.

—Мал баққанға бітеді, —дейді халық деп сөзін одан әрі соза берді Игібай қарт. —Сіздер менің аз ғана тәжірибем-мен таныстыңыздар. Мен жылқы баққан жылқылардың ішінде 5 биенің құлыны теріс келді. Оған бірінші көмек көрсету текқана тәжірибелі кісінің қолынан келеді. Бұған бір мысал келтірейік. 1952 жылдың көктемі. Биелер құлындайтын мезгіл. Бұл күндері жылқыны текқана күзетші ғана емес, жас құлындың қамқоршысы болуы керек. Сол кезде жи-рен бие деген бие құлындай алмай жат-ты. Ауылда мал дәрігері жоқ еді, аудан-ға ат шаптыруға алыс, бие қыйналып жатыр. Ең болмаса енесін аман алып қалу қажет болды. Сондықтан енді өзі-нің әрекет жасауыма тура келді. Әреке-тім нәтижесіз болған жоқ. Жирен биенің өзін де, құлынын да аман алып қалдым. Бұл менің жылқы бағу өмірімдегі бесін-ші рет кездескен оқайға болды.

Игібай Қанапін өз ісінің шебері. Атақ-ты жылқышы жылқы бағудағы бай тәжірибелерін зоотехника ғылымымен ұшта-тыра отырып, жылқы өсіруде көрнекті табысқа ие болып келеді.

1930 жылы «Бірілік» ауылшаруашы-лығы артель болып ұйымдасқанда, онда 30-ақ жылқы бар еді. Колхозшылар осы жыл-қыны бағуды сеніп Игібайға тапсырды.

Содан бері Игібай колхозшысы болып келеді. Біз-қы бүгінде 420 басқа а-лы фермада жылқы өсі-гұрлым артығымен оры-ден 73 құлын алынды. жылы 94 биеден 94 құ-түгелдей аман өсіріп ке-бастаған жылқышылард-де бағаланып, олар бый-бек ақыларына ғана 6 т-

Таңдаулы жылқыш-Жантеміров, Абылай Ба-тар да өздерінің социал-лерін орындауда үздік-өздеріне бекітіліп беріл-лықты құлын алып, ама-

Ысмағұлов Жұма ба-фермасы бйыл үлкен-Олар көсеміміз Сталин а-хатта алған міндеттем-орындап, жылқы өсіру-процентке жеткізді. Кол-ры қол жеткен табыстар-отырып, жылқының бар-міз күйде әкелді. Жылк-мен, керекті шөппен то-етілді.

—Партиямыздың XIX-лары мен кеменгер көсем-дастың тарихи сөзі —қарт, —бізді жарқын бо-бейбіт өмір үшін қажыр-жігерлендіреді. Біз съезді-кендетудің бесінші бесж-жөніндегі директивалары-ұлы міндеттерді мінсіз ж-күш-жігерімізді аямаймы-табыстарға жете береміз.

Озат жылқышы бұл-орындайды. Оған сенім з-

Октябрь ауданы, «Бірлі-

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТ ТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың оры-партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—1-33-2, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс етілмесе —1-19 те